

А.Р. Бердібай*Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы, Қазақстан**E-Mail: a.berdibay@mail.ru**ORCID ID:0000-0003-0733-1104*

ҚАЗАҚ ЭТНОМУЗЫКАТАНУЫНДАҒЫ Б.И. ҚАРАҚҰЛОВ ЕҢБЕКТЕРІ

Аңдатпа. Өнертану докторы, профессор Б.И. Қарақұловтың зерттеулері отандық және шетел мамандары арасында кеңінен танымал. Бұл, бірінші кезекте, оның қызметінің жан-жақты аспектілеріне байланысты болды. Б.Қарақұлов отандық этномузыкатанудың музыкалық этнография және музыкалық диалектология салаларына тың идеялар әкелді. Олардың негізгілерінің қатарында ән фольклоры музыкалық ерекшеліктерін анықтап картографиялау, оны әлеуметтік-тарихи өмір аясында қарастыру, қазақтың дәстүрлі әндері мен музыкалық-речитативті жанрлар үлгілерін домбыра бұрауында және аспап сүйемелдеуімен хаттау болды. Сонымен қатар ғалым – музыкалық түркология дамуының негізгі жолдарын белгілеген алғашқы қазақ зерттеушісі. Б. Қарақұловтың ғылыми жолының екінші жартысында туған және тұжырымдары халықаралық ғылыми қауымдастық мойындаған музыкалық симметрология теориясының алғашқы сүйенген материалы да қазақтың дәстүрлі әндері болды. Еуропа және Шығыс музыкасының музыкалық-теориялық және музыкалық-тарихи тұжырымдарын терең меңгерген көрнекті ғылым қайраткерінің тың идеялары оның кең эрудициясына, фольклорлық-экспедициялық жұмысы мен қазақ музыкасының домбыра бұрауында нотаға түскен үлгілерін талдаудың қомақты тәжірибесіне негізделіп, ғылыми ойының жүйелі бағытта қалыптасып дамуымен сабақтасты. Бұл мақала ғалымның этномузыкатану мұрасын қарастыруға, оның қазақтың дәстүрлі музыкалық-поэтикалық өнерін зерттеудегі ғылыми идеяларын талқылауға арналған. Оның мақсаты – ғалымның қазақ әуендерінің аймақтық-дыбысқатарлық ерекшеліктерін, халық музыкалық-поэтикалық шығармашылығы үлгілерін музыкалық транскрипциялау мәселелерімен байланысты негізгі ұстанымдарын, сондай-ақ оларды зерделеу жолында ұсынған бағыттар мен әдістерді қарастыру болып табылады. Зерттеу әдістемесі кешенді және жүйелі тәсілдерді, музыкалық-тарихи, құрылымдық және салыстырмалы-типологиялық әдістерді қамтиды. Зерттеу нәтижелері Б.Қарақұловтың этномузыкалогиялық идеяларының өміршеңдігін көрсетіп, оларды этномузыкалогия және жоғары музыкалық білім беру саласында одан әрі қолданудың жарқын болашағын көрсетеді.

Алғыс: Мақала AP19676609 «Жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру үдерісіндегі академиялық музыкатану ғылымы» атты жоба аясында әзірленді.

Кілт сөздер: музыкалық этнография, музыкалық диалектология, қазақтың дәстүрлі әндерін талдау әдістемесі, картографиялау, фольклорлық-экспедициялық жұмыс, музыкалық хаттау.

A.R. Berdibay*Kurmangazy Kazakh National Conservatory, Almaty, Kazakhstan**E-Mail: a.berdibay@mail.ru**ORCID ID:0000-0003-0733-1104*

THE WORKS OF B.I. KARAKULOV IN KAZAKH ETHNOMUSICOLOGY

Abstract. The researches of Doctor of Art History, Professor B.I. Karakulov are widely known both in domestic science and among foreign scientists. And this is, first of all, due to the versatile aspects of his fruitful

activity. In domestic ethnomusicology B. Karakulov proposed new ideas in the field of development of domestic musical ethnography and musical dialectology, namely, the problem of mapping of musical and stylistic features of song folklore, its study in the socio-historical context, created an original method of analysis of Kazakh traditional songs and samples of musical recitative genres, their notation in dombra structure with instrumental accompaniment. At the same time, the scientist was the first Kazakh researcher who outlined the main ways of development of musical Turkology. The development of the provisions of Professor B. Karakulov's theory of musical symmetrology, recognized by the international scientific community, which belongs to the second half of his scientific path, also began on the material of Kazakh traditional songs. Innovative ideas of the prominent figure of science were based on a deep knowledge of musical-theoretical and musical-historical concepts of European and Eastern music, broad erudition, extensive experience of folklore-expedition work and analysis of samples of Kazakh music deciphered by him in the dombra system, as well as on the systemic type of scientific thinking. The present article is devoted to the consideration of ethnomusicological heritage of the scientist, discussion of his scientific ideas in the study of Kazakh traditional musical and poetic art. The purpose of the article is to consider the main concepts of the scientist, related to the study of local and harmonic features of Kazakh melos, musical transcribing of samples of Kazakh folk music and poetry, as well as his proposed directions and methods of work on their study. The research methodology includes complex and systematic approaches, musical-historical and structural methods. The results of the study actualize the viability of B. Karakulov's ethnomusicological ideas and reveal broad prospects for their further application in ethnomusicology and higher music education.

Acknowledgements: The article was prepared within the framework of the project AP19676609 "Academic musicology in the process of formation of new humanitarian knowledge".

Keywords: musical ethnography, musical dialectology; methodology of analysis of Kazakh traditional songs, mapping, folklore-expedition work, musical transcribing.

А.Р. Бердибай

Казахская национальная консерватория имени Курмангазы, Алматы, Казахстан

E-Mail: a.berdibay@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-0733-1104

ТРУДЫ Б.И. КАРАКУЛОВА В КАЗАХСКОМ ЭТНОМУЗЫКОЗНАНИИ

Аннотация. Исследования доктора искусствоведения, профессора Б.И. Каракулова широко известны как в отечественной науке, так и среди зарубежных ученых. И это, в первую очередь, обусловлено разносторонними аспектами его плодотворной деятельности. В отечественном этномузыкальном знании Б.Каракуловым были предложены новые идеи в области развития отечественной музыкальной этнографии и музыкальной диалектологии, а именно, в числе основных была поставлена проблема картографирования музыкально-стилевых особенностей песенного фольклора, его изучение в социально-историческом контексте, создана оригинальная методика анализа казахских традиционных песен и образцов музыкально-речитативных жанров, их нотировка в домбровом строе с инструментальным сопровождением. Вместе с тем, ученый был первым казахским исследователем, обозначившим основные пути развития музыкальной тюркологии. Разработка положений, признанной международным научным сообществом, теории музыкальной симметрологии профессора Б. Каракулова, относящейся ко второй половине его научного пути, также начиналась на материале казахских традиционных песен. Новаторские идеи видного деятеля науки были основаны на глубоком знании музыкально-теоретических и музыкально-исторических концепций европейской и восточной музыки, широкой эрудиции, большом опыте фольклорно-экспедиционной работы и анализа расшифрованных им в домбровом строе образцов казахской музыки, а также на системном типе научного мышления. Настоящая статья посвящена рассмотрению этномузыкального наследия ученого, обсуждению его научных идей в исследовании казахского традиционного музыкально-поэтического искусства.

Целью статьи является рассмотрение основных концепций ученого, связанных с вопросами изучения локально-ладовых особенностей казахского мелоса, музыкального транскрибирования образцов казахского народного музыкально – поэтического творчества, а также предложенных им направлений и методов работы по их изучению. Методология исследования включает в себя комплексный и системный подходы, музыкально-исторический и структурный методы. Результаты исследования актуализируют жизнеспособность этномузыковедческих идей Б. Каракулова и раскрывают широкие перспективы их дальнейшего применения в этномузыковедении и в сфере высшего музыкального образования.

Благодарности: Статья подготовлена в рамках проекта АР19676609 «Академическое музыковедение в процессе формирования нового гуманитарного знания».

Ключевые слова: музыкальная этнография, музыкальная диалектология; методика анализа казахских традиционных песен, картографирование, фольклорно-экспедиционная работа, музыкальное транскрибирование.

1. Кіріспе

Ұсынылып отырған мақала отандық этномузыкатанушыларымыздың екінші буынына¹ жататын көрнекті ғалым, ұстаз және ұйымдастырушы, өнертану докторы, профессор Б. Қарақұловтың этномузыкатанушылық еңбектерін қарастыруға арналған. Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі заман ғылымымызда зерттеушінің әдіснамалық сипаттағы пікірлері мен тұжырымдарының өміршеңдігімен және олардың дәстүрлі музыкалық-поэзиялық мұрамызды тереңінен зерттеуге көптеген мүмкіндіктер ашатынымен түсіндіріледі.

Б.И. Қарақұлов 1942 жылы 27 наурызда Алматыда еліміздің тұңғыш медицина ғылымының докторы және профессоры, эпидемиология және микробиология маманы, ҚазССР-інің денсаулық сақтау министрі Ишанбай Қарақұлов және ҚазССР-інің Бас физиотерапевті, медицина ғылымының кандидаты Надежда Колесникованың отбасында дүниеге келді. Ата-анасының үлгі-тәрбиесімен дарыған қарапайымдылық пен еңбекқорлық, ізденгіштік пен мақсатшылдық, биік идеяларға берілушілік пен ісіне деген үлкен жауапкершілік ұлдарына келешекте көптеген асуларды бағындыруына көмектесті. Сонымен қатар, болашақ этномузыкатанушының қалыптасуына көпшіл және мінезі жайдары әкесінің үйінде үнемі жиналып тұратын белгілі жыршы, күйші, әншілердің өнері өз әсерін тигізді.

Тумысынан дарынды және зерек Болат Ишанбайұлы музыка мектебінде оқымай, жеке сабақтар алып, сол білімімен алдымен Алматы консерваториясының дайындық, кейін негізгі курсына түсіп, «хормен дирижерлеу» мамандығы бойынша оқыды. Кәсіби музыкалық білімін Мәскеудегі П.И. Чайковский атындағы Мемлекеттік консерваторияда жалғастырып, оны бітірісімен 1967 жылы елге оралады.

Мәскеуде оқыған кезеңде Б. Қарақұлов «Жас тұлпар» бірлестігінің мүшесі болды. Бұл ұйымның отансүйгіштік рухы Болат Ишанбайұлының өмірінің соңына дейін қазақтың дәстүрлі музыкасын зерттеуіне орасан серпін берді. Мұнда өзімен мүдделес достарымен талқылаған ел тарихының ең терең қатпарлары, оның философиялық-дүниетанымдық негіздері, қазақ халқының әлемдік өркениет аясындағы (әсіресе еуропалық емес елдермен байланыстарындағы) тарихи орны,

¹ Аға буынға Р. Карутц, А. Бимбоэс, А. Затаевич, А. Жұбанов, Б. Ерзакович секілді тұлғаларды жатқызуға болады.

т.с.с. тақырыптар идеялары және кандидаттық еңбегін дайындағанда сүйенген материалы Б. Қарақұловтың бірқатар мақалаларында қазақ музыкасының арғы тарихын этномузыкатанумен салалас археология, этнография, мәдениеттану және т.б. ғылымдар деректері көмегімен көрші елдер музыка мәдениетінің аясында қарастыру мәселесін қоюына үлкен әсер етті.

П.И. Чайковский атындағы Мәскеу консерваториясының «Хормен дирижерлеу» факультетін СССР Халық артисі, композитор, дирижер В.Г. Соколовтың класы бойынша аяқтаған жас маман еліне оралғаннан кейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында бірер жыл жұмыс істеп, кейін ҚазССР ҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасына түсті. Осылайша ол Отанына оралған «жастұлпарлықтардың» бірқатарындай ұлттық идеяны өзінің ғылыми тақырыбында жалғастыруға бет алды. Болат Ишанбайұлы өміріндегі бұл маңызды қадам оның мамандығының өзгеріп, болашақтағы айшықты шығармашылық тағдырында шешуші роль атқарды. 1973 жылы Б. Қарақұлов белгілі этномузыкатанушы, өнертану докторы, ҚазССР ҒА мүше-корреспонденті, профессор Б.Г. Ерзаковичтің жетекшілігімен «Локальные особенности ладовой организации казахского песенного мелоса»² атты кандидаттық диссертациясын қорғады. Кейін аталған институттың Музыка бөлімінде қалып, жалпы алғанда қырық жылға жуық уақыт бойы қызмет етті.

Этномузыкатану жолына түскен жас ғалым 1970-1980 жж. бірқатар конференцияларға қатысып, дәстүрлі музыка мәдениетіміздің түрлі мәселелеріне арналған мақалаларын жариялады. Жиі шығып тұрған фольклорлық экспедициялар нәтижесінде оның нотаға түсірген бірқатар материалдары жарық көрді. Жинаған нұсқалары толық көлемде кітап жүзінде басылып шықпаса да, 1981 жылы Б.Қарақұловтың хаттауында ішіне Орал (қазіргі Батыс Қазақстан) облысының күйлері кірген «Асыл мұра» музыкалық-этнографиялық жинағы дәстүрлі музыка мамандары тарапынан жоғары бағаланды. Сонымен қатар 1982 жылы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Музыка бөлімінің ұжымы дайындаған «Қазақтың музыкалық фольклоры» антологиясында ғалымның бірнеше ноталық жазбасы басылып шықты. Олардың ішінде аспаптық сүйемелдеумен хатталған бақсылық және жыршылық өнер нұсқалары отандық музыкалық этнографиядағы мұндай үлгідегі алғашқы мысалдар болды.

1980-ші жж. басынан Болат Ишанбайұлының ғылыми шығармашылығы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясындағы ұстаздық қызметімен сабақтасып дамыды. Ғалым институттағы жұмысын дәріс берумен ұштастырып, еліміздің жоғары білім беретін ол кездегі жалғыз музыкалық оқу орнында өмірінің соңына дейін «Музыкалық фольклор шығармаларын талдау», «Музыкалық-этнографиялық практика», «Мамандық», кейін – «Музыкалық симметрология» пәндерін жүргізіп, дипломшылар, ізденушілер мен аспиранттардың ғылыми тақырыптарына жетекшілік етті. Өзінің шәкірттерімен жұмыс істегенінде

² «Қазақтың ән әуендерінің ладтық жүйесінің локальді (аймақтық) ерекшеліктері».

Б. Қарақұлов әдетте ұлтымыздың дәстүрлі музыкасына байланысты тақырыптарды тандап, оның музыкалық нұсқаларын құрылымдық немесе одан өрбіп шыққан жеке бағыт – музыкалық симметрология әдістерінің көмегімен зерттейді. Консерваторияда жұмыс істеп келе жатқан отыз жылдай уақыттың ішінде оның класынан ондаған шәкірт дайындалып шығарылды. Олардың ішінде И. Князева, К. Клопова, Б. Оспанов, Г. Ысқақова, Р. Несіпбай, Т. Егінбаева, Ж. Қожахметовалар профессор Б. Қарақұловтың жетекшілігімен кандидаттық диссертацияларын қорғап, биік мәреге жеткен ғалымдар.

Еліміз тәуелсіздігін алған кезең білім беру жүйесінің барлық буындарына серпіліс әкеліп, егеменді елде жаңа авторлық әдістемелік құралдар мен оқулықтар қажеттілігі күшейгені мәлім. Өзінің бай музыкалық-этнографиялық практикасы мен музыкалық талдау тәжірибесіне негізделіп дайындалған профессор Б. Қарақұловтың этномузыкатану мәселелеріне арналған Оқу бағдарламалары жоғары білім беру жүйесінің ғылымның дамуына тәуелділігін айшықтайтын жарқын мысалдарының біріне айналды. Болат Ишанбайұлының «Музыкалық фольклор шығармаларын талдау» пәні бойынша жазылған авторлық бағдарламалары да төлтума ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық келбетімен ерекшеленеді. Мұнда автордың Антик дәуірі мен Шығыстың ортағасырлық музыкалық теорияларын терең меңгеріп, сол ілімдерді заманауи теориялық музыкатану және этномузыкологияның даму барысындағы жетістіктерімен сабақтастыруы, еліміздің әртүрлі географиялық аймақтар домбыраларының дыбыс қатарларын және ұлттық дәстүрлі музыкамыздың ән, жыр және күй құрылымдарын жетік білуі, сондай-ақ қазақ музыкасын нотаға түсірудегі үлкен тәжірибесі ғалымның өз шәкірттерімен қатар, басқа да жас буын зерттеушілер үшін биік кәсіби біліктіліктің биік үлгісіне айналды.

1980-ші жж. Болат Қарақұлов зерттеушілігін кейін еңбектерінің басты саласына айналған симметрология іліміне бет бұрады. Толассыз ізденістерінің нәтижесінде оны музыка үлгілері материалында қолданып, этномузыкатануда тың әдістеме дайындады. «Музыкальная симметрология» (1991) тақырыбындағы докторлық диссертациясын қорғағаннан кейін аталған музыкалық-теориялық бағыт халықаралық ғылыми қауымдастық тарапынан биік бағаланып, 1992 ж. профессор Болат Ишанбайұлы Қарақұлов Кембридж университетінің «Жыл адамы» құрметті атағына ие болды.

1990-шы жылдардың алғашқы жартысында осыған дейін Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының «Қазақ музыкасы және фольклоры» кафедрасын басқарып келген Болат Ишанбайұлы аталған оқу орнының ғылыми ісі жөніндегі проректоры қызметіне тағайындалды. Шығармашылық жолының бұл кезеңінде ғалым бірқатар ізгі бастамаларымен көзге түсті. Олардың ішінде консерваторияның Тарих-теория факультетінде «Этномузыкатану» мамандығының ашылуы үлкен жаңалық болды. Ол – егемендігімізді жаңа алып жатқан тұста отандық ғылымда ұлтымыздың дәстүрлі музыкасын жаңа буын зерттеушілер дайындау қажеттілігінен туындаған идея еді. Сонымен қатар 1990-шы жж. басталған «нарық дәуірінде» жоғары білім алуға үміткерлер гуманитарлық мамандық таңдауға

құлықсыз болып, қазақ музыкасын зерттеп насихаттайтын болашақтағы ұлттық кадрларымыздың азаю қауіпі де жоқ емес еді.

Оның алдында, 1980 жж. екінші жартысында, консерваторияда эксперимент ретінде екі мамандықты тегін алу мүмкіндігі туып, музыкалық шығармаларды нотаға түсіріп, оларды талдауға икемі бар домбырашы студенттер негізгі мамандығымен қоса, этномузыкатанушы ретіндегі диплом жұмыстарын да жазып бітірді. «Олардың қатарындағы аса талаптылары – Б. Мүптекеев, А. Сарымсақова, А. Байбек, Е. Тұңғышұлы, Р. Алсаитова, Б. Бәбіжан, т.б. кейін ғылыми жұмыстарын табысты аяқтап, кандидаттық диссертацияларын қорғап шықты, ал тағы да бірқатары этномузыкалық білімінің арқасында музыкалық-этнографиялық жинақтар, «Этносольфеджио» пәніне арналған және оқу процесіне қажет т.б. әдістемелік құралдарын жариялап, республикалық теледидар және радио жүйесінде жеке авторлық бағдарламалар ұйымдастырып, ұлттық мемлекеттік жобалардың редакторлары ретінде елге танымал болды» (Бердібай, 2014: 71).

Объективті себептерге байланысты, өткен ғасырдың соңында жабылып қалған «Этномузыкатану» мамандығы 2015 ж. қайтадан ашылғанда оның бағдарламасы Б. Қарақұлов белгілеп кеткен бағдарлама негізінде жасалып жаңғырды. 1990-2015 жж. аралығында бұл салаға жаңа еңбектер қосылу нәтижесінде қазіргі кезде жүргізіліп отырған бағдарламаға «Домбыра музыкасының теориялық негіздері» (проф. С. Өтеғалиева), «Қазақ әнінің музыкалық тілі» (доц. І.Қожабеков), т.б. пәндер қосылып оқытылуда.

Егемендіктің алғашқы кезеңінде Болат Ишанбайұлының Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының ғылым ісін басқарған мерзімі аса ұзақ болмағанымен, ғалым бұл жұмысты да үлкен абыроймен атқарып, отандық ғылым және музыкалық білім беру ісінің өркендеп дамуына атсалысты. Маманның ұлтымыздың төлтума ерекшелігін айқын көрсететін дәстүрлі музыка зерттеушілерін дайындау ісіне белсенді түрде атсалысуының оң шешім болғаны қазіргі замандағы әлемдік деңгейдегі этномузыкатанудың даму барысынан байқалады.

2. Зерттеу әдістері және материалдары

2.1 Зерттеу әдістері

Мақаланы дайындау барысында қолданылған ғылыми әдіснама оның міндеттерінен туындады. Осылайша профессор Б.И. Қарақұлов зерттеген этномузыкатанушылық мәселелердің алуантүрлілігі мен олардың өзара байланыстары еңбекте кешенді және жүйелі тәсілдер көмегімен қарастырылды. Биографиялық әдіс этномузыкатанушының ғылыми келбетін хронологиялық жүйеге сүйене отырып ашуға көмектесті. Музыкалық-тарихи әдіс зерттеушінің отандық кәсіби жолының қалыптасуы мен даму үдерісін бақылуға мүмкіндік беріп, отандық ғылымдағы дара келбетін анықтауға септігі тиді. Б.Қарақұловтың кейбір еңбектеріндегі теориялық мәселелерді сипаттау қажеттігі құрылымдық әдіске жүгінуді талап етті. Сонымен қатар, ғалым тұжырымдарын отандық және шетелдік мамандар ой-пікірлерімен қатар қойып қарастырғанда, салыстырмалы әдіс қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Б.Қарақұловтың ғылыми шығармашылығын шартты түрде екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Олардың алғашқысы – 1970-1990, ал соңғысы – 1990-2014 жж. аралығын қамтиды. Көрсетілген кезеңдердің алғашқысында зерттеуші мақалаларын қазақ және түркітілдес елдер дәстүрлі музыкасының түрлі музыкалық-теориялық және тарихи (қазақ әндерінің құрылымы мен музыкалық тіл ерекшеліктері, музыка және этногенез, музыкалық түркология, т.б.) мәселелеріне арнаса, екінші кезеңде бұрын басталған бағыттар әрі қарай дамытылып, оларға танымдық сипаттағы (А. Жұбанов, Б. Ерзакович, Қ. Сәтпаев туралы) очерктермен қатар, отандық музыкатану және этномузыкатану салалары үшін мүлдем тың, ал халықаралық деңгейде – жаңадан енді ғана басталып келе жатқан *музыка симметрологиясы* туралы мақалалар мен монографиялар қосылды. Атап өтерлік маңызды нәрсе, ғалымның соңғы 35 жыл ішінде жарияланған «Симметрия музыкальной системы» (1991), «Музыкальная симметрология» (1-том, 2019), «Музыкальная симметрология» (2-том, 2021) атты монографиялық еңбектері осы аталған бағыт мәселелерін зерттеуге арналды.

Ғалым өмірінің қос кезеңіндегі де еңбектері жаңашылдығымен ерекшеленеді. Сол кездегі бірқатар әріптестері тұжырымдарымен салыстырғанда, Б. Қарақұлов ғылыми шығармашылығының үлкен ерекшелігі оның қазақтың дәстүрлі музыкалық-поэзиялық шығармаларын талдаудың *жаңа әдістемесін* жасауымен анықталады. Ғылыми шығармашылығының бірінші кезеңінде ол ұлтымыздың дәстүрлі музыкалық-поэзиялық нұсқаларын талдағанда құрылымдық әдіске сүйенсе, кейін сол әдісті дамытып, *музыкалық симметрологиялық талдау* деңгейіне дейін жеткізді. Ғалым пайымдауындағы құрылымдық әдістеме қолданбалы сипатқа ие болып, күні бүгінге дейін қазақтың жыр мақамдары мен дәстүрлі әндерін талдау үдерісінде пайдаланылса, музыкалық симметрология ілімімен байланысты әдістемесі фундаменталды ғылым аясында жалғасын табуда. Қазақ музыкалық-поэзиялық фольклорының кіші және ірі формалары нұсқаларын талдауда Б. Қарақұловтың авторлық әдістемесін шығаруы зерттеушінің өз ғылыми мектебінің қалыптасуына негіз болды.

Этномузыкатану саласы озық дамыған елдер мамандарының тұжырымдарымен жақсы таныс болған ғалым сол тұжырымдардың озығына назар аударып, қазақтың дәстүрлі әндерін зерттеу жұмысын әрі қарай тереңдететін идеяларға үлкен қызығушылық танытып, отандық этномузыкатануда ілгерішіл ғылыми әдістемелерді қолданып, оны қазақ материалында әрі қарай дамытуға атсалысты.

3. Талқылау

Өзінің «Локальные особенности ладовой организации казахского песенного мелоса» атты кандидаттық еңбегінде көрнекті музыкалық этнограф А.Затаевичтің тарихи жинақтарындағы музыкалық материалында қазақ әндерінің жергілікті (аймақтық) музыкалық ерекшеліктерін анықтай бастаған ғалым кейін олардың осыншама алуантүрлілігінің себептерін іздеуге бой түзеп, фольклор және этногенез, фольклор материалдарын картографиялау, оларды домбыра бұрауында нотаға түсіріп

талдау, ырғақтық жүйесін анықтау, сондай-ақ музыкалық түркология мәселелерін зерттеулерге келеді. Профессор Б. Қарақұловтың диссертациясында көтерген мәселелердің бірқатары оның 1970-1980 жж. мақалаларында жарық көрді.

Ғалымның диссертациясында қойған басты мақсаты – қазақтың дәстүрлі әндерінің дыбыс қатарлары болды. Мұндай жүйенің маңыздылығы белгілі ғалым И. Земцовскийдің «Этномузыказнание: столетний путь» (1989) мақаласында да көрсетіледі. Өз еңбегінде ол: «Вопросы изучения звукорядной организации традиционной музыки, как известно, на протяжении всей истории мировой этномузыкалогической науки входили в число важнейших и определяющих национальную, локально-региональную, стилевую, и, нередко – жанровую принадлежность традиционных музыкальных образцов. Не случайно 1985 год – время создания одной из крупных работ А. Элиаса (1814-1890) «Музыкальные звукоряды разных наций», наряду с программным вычленением Г. Адлером музыкальной этнографии в качестве самостоятельной музыковедческой дисциплины, считается точкой отсчета начала этномузыказнания», – деп жазды (Земцовский, 1989: 7).

Диссертация тақырыбының аясында зерттеушінің жазған мақалаларының бірі «К вопросу о локализации ладовых структур в казахской народной мелодии»³ (1972) деп аталды. Мұнда Б. Қарақұлов ұлттық этномузыкатынуда аға буын ғалымдарының ерен еңбегінің арқасында бай музыкалық материал жиналып, құнды зерттеулер жарық көргенін айта келе, музыка мәдениетіміздегі төлтума локальды стильдерінің қалыптасуы, олардың түп-тамыры, таралу ареалдары мәселелері мамандар назарынан тыс қалғанын, әртүрлі музыка диалектілерінің пайда болу себептері өзектілігін айқындайды. Еліміздің әр жақтағы географиялық аймақтар ән нұсқаларының музыкалық-тілдік ерекшеліктерін зерттеу мақсатын ғалым батыс (Маңғыстау) және шығыс (Зайсан) әндерінің мысалында жүзеге асырады. А. Затаевичтің «1000» жинағында Адай және Зайсан уездерінің 80 әнін талдап шыққан ғалым зерттеу жұмысын әлде де жалғастырылуы қажет екенін ескертеді. Географиялық орналасуы жағынан бір-бірінен алшақ орналасқан өңірлер әндерін қарастырғанда, автор олардың ортақ сипатын аймақтық ерекшеліктермен қатар зерттейді. Этномузыкатынуды екі аймақ әндерінде де миксолидийлік және эолийлік ладтар кездесетінін байқап, бұл ұқсастық әуендік даму желісінде де жалғасатынына назар аударады. Екі географиялық өңір әндері дыбыс қатарларының VII басқышы I басқышқа емес, жоғарылатылған VI басқышқа шешілетінін, сондықтан оның әндердегі орны ерекше екенін жазады. Маман қос аймақ миксолидийлік әндерін де шағын құрылымдар біріктіргенімен, зайсандық мысалдармен салыстырғанда адай нұсқалары дыбыс қатарларының тар диапазонында және баяу темптерімен белгіленгеніне мән береді. Ғалым Зайсан нұсқаларының ангемитонды пентатоника дыбыс қатарында шығарылғанын жазып, зерттеліп отырған аймақтағы бұл ерекшелік оны шығыс елдері – Моңғолия, Қытай және Жапония музыкасымен жақындастыратынын байқайды. Пентатоникамен қатар, еліміздің шығысында оған кейбір қосымша дыбыстар қосылып, ол диатоника мен пентатоника арасында тұрған ладқа айналатынын көрсетеді.

³ «Қазақ халық әуендері дыбыс қатарларының аймақтарға жіктелу мәселесі».

Б. Қарақұлов адайлар қоныстанған Маңғыстау өлкесінде фригийлік, локрийлік, эолийлік-локрийлік және фригийлік-локрийлік ладтардың кең тарап, пентатониканың мүлдем кездеспегенін олардың негіздерінің әртүрлілігімен түсіндіреді. Ғалым лад түрлерінің белгілі бір аймақтарға ғана тараған себептерін көлемді материал мысалында зерттеуді ұсынады.

Ғалымның өз еңбектерінде айналысқан халық әндерінің музыкалық-диалектологиялық ерекшеліктерін зерттеу бағыты қазіргі кездегі шетел мамандарының зерттемелерінде компьютерлік есептеулер көмегімен дамытылып қарастырылуда. Бұл ретте Питер ван Краненбург, Аня Волк және Франс Вирингтің «Халық ән әуендерінің есептік классификациясын жасау үшін ғаламдық және жергілікті ерекшеліктерді салыстыру» мақаласында: «In each of our comparisons, the local features correspond to the global features. In all cases, it appears that the local approach outperforms the global approach in a classification task for melodies, which indicates that local features carry more information about the identity of melodies. Therefore, locality is a crucial factor in modelling melodic similarity among folk song melodies» (Kranenburg, Volk, Wiering, 2020: 1)⁴ (Kranenburg, Volk, Wiering, 2020: 1), – дейді.

Болат Ишанбайұлының кандидаттық диссертациясында еліміздің әртүрлі аймақтарында сақталған әндердің дыбыс қатарлары – олардың тарихи-әлеуметтік алғышарттарға байланысты қалыптасқан басты музыкалық-диалектологиялық ерекшелігі ретінде қарастырылса, қазіргі заманның түрлі компьютерлік бағдарламалық әдістері қолданылатын шетел зерттемелерінде музыка тілінің бірнеше жүйесіне назар аударылып, олардың ішінде әсіресе тональдік (дыбыс қатары) пен контурға (әуендік иірімге) баса назар аударылады. Бұл жөнінде ғалым Золтан Юхастың «ІКА көмегімен әуендердің жалпы типтерінің мәдениетке тәуелді векторлары арқылы қазіргі еуразиялық және америкалық халық музыкалық мәдениеттеріндегі көне дереккөздердің іздерін анықтау»⁵ атты мақаласында: «One of the possible objective and universal descriptions of most folk songs can be based on structural musical characteristics such as contour, tone set, tonality, rhythm, meter, and form. Experimental studies in the recent decade supported the universal importance of contour and tonality as the two most important characteristics determining human music cognition and memory... Based on the preceding representation, the first aim of this study can be defined as follows: we want to identify the most characteristic «universal» MTs existing more or less generally in the folk music cultures of Eurasia and America in order to describe the specific assemblies of these types in different cultures within a common framework... For sake of comparability, all

⁴ «Салыстыруларымыздың әрқайсысында жергілікті ерекшеліктер глобалды ерекшеліктерге сәйкес келеді. Барлық жағдайда (әндерде) әуендерді жіктегенде локальды әдіс глобалдыдан басым түседі. Ал бұл әндердің жеке жергілікті ерекшеліктерінен олардың төлұмалылығы анығырақ байқалады. Осылайша, локальдылық халық әуендерінің интонациялық ұқсастығын модельдеуде шешуші фактор болып табылады» (Kranenburg, Volk, Wiering, 2020: 1).

⁵ PCA-principal component analysis – нәтижесінде ақпараттың аз мөлшері ғана жоғалатын деректер өлшемін азайтудың негізгі әдістерінің бірі (Б.А.).

melodies are transposed to the final tone G»⁶ (Juhász, 2024), – деп жазылды. Автор өз ойында әлем халықтары әндерінің әмбебап музыкалық ерекшеліктері ішінде дыбыс қатарларымен коса, әуен иірімдері кескінінің де маңыздылығын көрсетеді. Ал бұл оның Кеңес дәуірінің белгілі музыкатанушысы – Б. Асафьевтің «интонациялық теория» туралы пікірін растап жалғастырғанын көрсетеді.

Б. Қарақұловтың 1970-ші жж. көтерген келесі мәселесі «Казахский музыкальный фольклор и этногенез»⁷ (1974). Ғалым өзінің бұл тақырыпқа қызығушылығын отандық этномузыкатануда әлеуметтік-тарихи бағыттағы зерттеулер қарқынды дамығанымен, салыстырмалы-генетикалық зерттеулерге негіз болуы мүмкін салыстырмалы-музыкалық еңбектердің тапшылығымен түсіндіреді.

Мақаласының басында аса көрнекті ғалым В. Беляевтің Қазақстанның әртүрлі аймақтары әндеріне қатысты: «Песни юга Казахстана Семиречья, Приаралья, берегов Сырдарьи отличаются простотой строения форм, четкостью ритма и ясностью эмоционального склада. На Западе в Зауралье, на берегу Каспийского моря получают развитие, с одной стороны, лирика с широкой распевностью и, с другой речитативные формы терме. Наконец, в Центральном Казахстане необходимо отметить особое богатство интонационных средств музыкального выражения», – деген құнды пікірін келтірген Б.Қарақұлов (Қарақұлов, 1974: 37) отандық аға буын этномузыкатанушылары музыкалық диалектілердің пайда болуының себебін географиялық (көлемді кеңістік, табиғи жағдайының әртүрлілігі) сипатымен, тұрмыс-тіршілігімен, тіл диалекттері мен сөйленімдерімен байланыстырғанына толық келіспей, түрлі географиялық аймақтар әндерінің музыка тілі әлеуметтік-тарихи факторларға тәуелділігін айтып, климат пен жер құнарлылығының дәрежесі, территориялық көлемі, тұрмыстық ерекшеліктер – сол факторлардың салдары деп есептейді.

Музыкасының ежелгі қатпарларын зерттеген украин және орыс ғалымдары тұжырымдарымен таныс Б.Қарақұлов музыка тілі түп-тамырының ел этногенезімен тығыз байланысын оның сөйлеу тіліне қарағанда, фольклордың анағұрлым тарихы терең саласы болғанымен түсіндіреді. Ғалымның әдебиет пен музыка өнерінің әртүрлі тарихи жолдармен дамығаны туралы ойын отандық музыкалық-этнографиялық практика нұсқалары айшықтайды. Музыкалық фольклор нұсқаларының поэзия және музыка тілдері өзара сабақтасқанымен, еліміздің кең байтақ территориясының әр аймағында бірдей мәтіндердің әртүрлі әуенмен орындалатын үлгілердің тарауы – қалыпты құбылыс деп айтуға болады. Фольклорлық экспедицияларда әртүрлі

⁶ «Халық әндерінің көбінің объективті және әмбебап сипаттамалары контур, тональдік, ырғақ, өлшем және форма секілді құрылымды музыкалық ерекшеліктерге сүйенуі мүмкін. Соңғы онжылдықтардағы зерттемелер *контур* мен *тональдік* адамның музыкалық танымы жадысын анықтайтын екі ең маңызды ерекшелік екенін дәлелдеді. Жалпы құрылым аясында бұл типтердің әртүрлі мәдениеттердегі өзара нақты үйлесуін сипаттау үшін біз Еуразия және Америка халықтары музыка мәдениеттерінде кең немесе тар көлемде тараған «әмбебап» әуен типтерін (ӨТ) атағымыз келеді... Әуендерді бір-бірімен салыстыру ыңғайлы болуы үшін олардың бәрі G қорытынды тонына тасымалданды» (Juhász, 2024).

⁷ «Қазақ музыкалық фольклоры және этногенез».

өңірлерден табылған бірқатар ғұрыптық және ғұрыптық емес фольклор мысалдары көркемдік бейнелер мен сөз тіркестерінің өзара ортақтығын көрсетсе, олардың музыка ерекшеліктері бір-бірінен ерекшеленеді. XIX-XX ғ. басында филологтар Сыр өңірінен жазып алған *үйлену* салтының мәтіндері кейін Жетісудың батысы мен Шығыс Қазақстаннан жиналған жанрлас нұсқаларға өте жақын болып келуі және осыған ұқсас басқа да мысалдар фольклортануда өңірлік-аймақтық бағыттағы тақырыптардың тілтану мен этнографиядағыдай өзекті емес екенін көрсетеді.

Этномузыкатану ғылымында еңбектері өткен ғасырда жарық көрген белгілі венгр композиторы және ғалымы Б.Барток идеялары маңызды орын алатынын зерттеуші Нельсон Давид Тэйлор «Бела Барток: этномузыкалогия атасы» атты мақаласында: «He was one of the first musicians to branch into the study of ethnic music by travelling to collect samples of music, by aurally recording and transcribing folk-tunes, by re-writing these songs into understandable notation with new harmonization, and by then employing this folk-style in his own original compositions»⁸ (Nelson, 2012), – деп жазды. Б. Қарақұловтың этномузыкатанушылық қызметіндегі ілгерішіл идеялардың қалыптасуына, сөзсіз, Б. Бартоктың ықпалы үлкен болды. Ол идеялар әрі қарай таратылып, өзара байланыстары айқындалған ғалымның экспедицияларда жиналған ұлттық дәстүрлі музыканы картографиялау, музыкалық-поэзиялық нұсқаларын релятивті жүйеге (домбыра бұрауына) келтіріп хаттау, салыстырмалы-типологиялық зерттеулермен айналысу секілді тағы басқа бірқатар мәселелерге арналған еңбектерінің жазылуына негіз болды.

Этномузыкатанушылардың негізгі зерттеу материалы болып табылатын музыкалық нұсқалардың географиялық-аймақтық орналасуын нарративті белгілеумен қатар, тың әдіспен де қарастыруға болатынын айтқан Б.Қарақұлов ондай әдіс ретінде музыка нұсқалар ерекшеліктерін картографиялауды ұсынады.

Бұл әдісті көрсетіп өткен Б. Бартоктан кейін кеңестік кезең мамандарынан бірінші болып оның тиімділігін өзінің «Об историческом значении календарных песен» мақаласында көз жеткізген атақты этномузыкатанушы К. Квитка болғаны белгілі. Аталған әдіс жақын шетелдерде негізінен ресейлік тілтану және этнография ғылымдарында белсенді түрде қолданылып, этномузыкатануына шамамен 1970-ші жж.-дан бастап келгені О. Пашинаның «Картографирование и ареальные исследования в этномузыкалогии» (1999) мақаласында айтылған. Дәстүрлі музыканы картографиялық әдіспен зерттеу нәтижесінде өткен ғасырдың соңында Ресейде музыкалық-диалектологиялық атластар шыға бастағаны белгілі.

Аталған әдісті Б. Қарақұлов: «Под методом картографического изучения музыкальных диалектов понимается исследование пространственного размещения

⁸ «Этномузыкатанудың академиялық пән ретінде қалыптасуы Бела Бартоктың толассыз еңбегінің жемісі... Барток шығармалары әлемге халық музыкасының өміршең әрі маңызды құбылыс және жеке оқу пәні екенін көрсетті... Бартоктың еңбектенуі этномузыкалогия саласын қалыптастырды, себебі ол этникалық музыканы зерттеген алғашқылардың бірі болды. Халық әуендерін жинау үшін саяхатқа шығып, баршаға түсінікті нота жүйесіне түсіріп, жаңаша гармонияландырған ол өзінің төлтума композицияларында қолданды» (Nelson, 2012).

музыкальных явлений. Суть его заключается в том, что он позволяет решать генетические проблемы происхождения музыкального языка, исходя не из содержания музыкальных текстов, а из наличия или отсутствия определённых музыкальных традиций в тех или иных ареалах»⁹ (Каракулов, 1979: 31), – деп түсіндіреді. Әрбір локальды ерекшеліктің өзіндік стратиграфиясы (мәдени қабаттардың бір-біріне қатысты өзара орналасуы) болады. Анықталған деректерді біртұтас картаға салғанда музыкалы диалектілі ошақтар анықталатынын байқаған автор қазақ материалы сол кезде (1979 ж.) үш үлкен аймаққа бөлінетінін жазды. Зерттеушінің: «аталған әдісті кең көлемде: қазақ-қырғыз, қазақ-өзбек, қазақ-түркімен, қазақ-қарақалпақ, қазақ-башқұрт, қазақ-татар, қазақ-алтай музыка байланыстарын зерттеуде қолдану кеңестік музыкалық түркологияны дамытуда қомақты үлес қосуға көмектеседі», – деген ойы көп жылдардан соң С.Темірғалиева мен С.Өтеғалиеваның қазақ-түркімен музыкалық байланыстарына арналған «Туркменские кюи в казахской домбровой музыке» зерттеуінде жүзеге аса бастады. Атап өтерлік нәрсе, соңғы автор картография әдісін отандық этномузикатануымызда бірінші болып, өзінің «Мангыстауская домбровая традиция» (1997) атты Маңғыстау дәстүріндегі домбыра күйлерін, ал оның шәкірті, күйтанушы А.Сарымсақова – «Жыр кюи и эн кюи в казахской домбровой традиции» (2010) кандидаттық диссертациясында – Арал-Каспий алқабындағы жыр- және эн-күйлерді зерттеу барысында қолданды. Дәстүрлі эн материалында нұсқаларды картографиялау әдісі зерттеуші Б.Бәбіжаннның «Жетісудың оңтүстік-батысындағы эн фольклорының қазіргі жағдайы» (2022) кандидаттық еңбегінде де пайдаланылды.

Ел ішіндегі этнографиялық-тарихи ерекшеліктердің пайда болуы туралы жалпы тарихи тұжырымдарға сүйене отырып, автор жеке аймақтардың ладтық және т.б. музыка ерекшеліктері әртүрлі жолмен, атап айтқанда: жеке музыкалық сипаты бар рулардың өзара бір халық болып біріккенде, рулық ерекшеліктердің белгілі дәрежеде сақталуына; көрші отырған елдермен байланыстар нәтижесінде немесе басқа себептермен бойына басқа ұлт ықпалын сіңіруіне; халықтың бір тобының тарихына байланысты ұзақ изоляцияда болуы (алшақтау) нәтижесінде; ерекше әлеуметтік жағдаймен, діни ұстанымдармен байланысты пайда болғанын жазады.

Зерттеуші ұлттық эн мелосындағы лад құрылымдарының кейбірінің таралу аймағын анықтау елдің этникалық тарихы және оның тарихи-мәдени байланыстарын зерттеуге өз септігін тигізетінін, бұл бағыттағы аса маңызды міндеттердің бірі – Қазақстанның музыкалық диалектологиялық картасын құрастыру екенін айтады. Оны жасағанда XIX ғасырда ру-тайпалардың қоныстануы туралы мәліметтермен салыстыру тарихи-генетикалық зерттеулерге айналуы мүмкін, сонымен қатар музыкалы-диалектологиялық атлас деректері тілтану және ареалды антропология мәліметтерімен қатар қойылып зерттелуі маңызды екенін көрсеткен автордың музыкалық фольклор мен этногенез мәселелерін байланыстыруына кандидаттық

⁹ «Дәстүрлі музыканы картография әдісімен зерттеу – музыкалық құбылыстардың кеңістіктік орналасуын зерттеу. Оның мәні – музыкалық тілдің генетикалық мәселелерін музыкалық мәтіндердің мазмұнына емес, әртүрлі аймақтарда белгілі бір дәстүрлердің бар-жоғына байланысты» (Каракулов, 1979: 31).

диссертация материалы болған А. Затаевичтің еліміздің түрлі аймақтарын қамтыған музыкалық-этнографиялық жинақтарындағы әндерді талдау тәжірибесінің әсері үлкен болды. Тарихи құжаттарға сүйеніп, дыбыс қатарлары өзара көп ерекшеленетін шығыс пен батыс аймақтар халқының рулық сипатын анықтағанда алғашқысына кіретін найман, керей, арғын, уақ секілді рулардың қалыптасуы ежелгі түркілермен қатар, ежелгі моңғол факторына да байланысты екені анықталды. Ғалым аталған аймақта пентатоникалық дыбыс қатарларының кең тарауын осы себеппен байланыстырды, сондай-ақ эвристикалық әдісті қолданып, дыбыс қатары талданған әндерді пентатоникалық ойлау жүйесінің даму динамикасын көрсететіндей ретпен орналастырып зерттеді. Сол секілді, батыс аймағын мекендеген адай, кердері, керейіт, шөмекей, қаракесек, шеркеш, т.б. руларының қалыптасу тарихы шығыс руларынан бөлек болғанынан, мұнда шығыста кездеспейтін ладтар басымдығы анықтады.

Б. Қарақұловтың музыка фольклор тілінің этногенезбен байланыстары мәселесіне көңіл аударуы отандық музыкалық-этнографиялық практика тарихымен де байланысты. Тілтану мамандарымен салыстырғанда негізінен орыс музыка фольклористикасының әдістемесіне сүйенген А. Затаевичтен бастап, этномузыкатанушыларымыз фольклорлық экспедицияларда материалды таспаға респонденттердің шыққан руын сұрамай немесе өте сирек жазып, кейбір маманда-рымыздың музыкалық нұсқа туралы жан-жақты дерек алуға дайындалған сауалнамалары өткен ғасырдың 70-80-ші жж.-нан бастап қосыла бастады. Жергілікті ауызша тараған кәсіби музыка дәстүрлерінің қалыптасуындағы рулық фактор А. Құнанбаеваның «Современная казахская эпическая традиция» (1984) кандидаттық диссертациясы мен С. Өтеғалиеваның «Мангыстауская домбровая традиция» (1997) кітабында көрсетілген.

Б. Қарақұловтың фольклорлық мұраның қалыптасып даму тарихын зерттеуде жергілікті респонденттердің рулық сипатын анықтау маңыздылығы туралы ұстанымы зерттеуші Б. Бәбіжанның 2018 жылғы музыкалық-фольклорлық экспедициясында ескерілді. Музыкалық-поэзиялық нұсқалардың аймақтық сипатын анықтау мақсатында оларды жеткізген этнофорлардың шыққан жүз-рулары жазылып, жеткізген әндерімен байланыста қарастырылды: «...respondents from the Botbai and Zhanys clans of the Senior Zhuz were more often noted in the folklore expeditions of B.Babizhan. Their repertoire was mainly local (Zhetysu), as well as South Kazakhstan and Arka (Central Kazakhstan) songs. At the same time, here, in the southeast of Zhetysu, there were songs that are widespread in its eastern part, in which other clans of the Senior Zhuz live – Alban, Suan, etc.» (Babizhan, Berdibay, Baisakalova, Chukmanov, Ulkenbaeva, 2021: 128)¹⁰ (Babizhan, Berdibay, Baisakalova, Chukmanov, Ulkenbaeva, 2021: 128).

¹⁰ «...Б. Бәбіжан экспедициясында Ұлы жүздің Ботбай және Жаныс руларынан шыққан респонденттер жиі кездесті. Олардың репертуары негізінен жетісулық, сондай-ақ Оңтүстік және Орталық Қазақстан әндерінен құралды. Сонымен қатар мұнда Ұлы жүздің Албан және Суан, т.б. рулары мекендеген Шығыс Жетісуда тараған әндер де ұшырасты» (Babizhan, Berdibay, Baisakalova, Chukmanov, Ulkenbaeva, 2021: 128).

Дәстүрлі музыканы картографиялаудың маңыздылығы Ана Мария Аларкон-Хименес, Ракель Хименес Пасалодос және Маргарита Диас-Андреудің АҚШ-тың Калифорния штатындағы үндістер музыкасы туралы «The aim of this article is to delve into the Yokuts process of mapping particularly tripni places or powerful places with/in their territories during the early twentieth century and to what extent the sense of hearing was important in this process» «Құбылыстарды бірге/өз ішінде картаға түсіру: XX ғасыр басындағы Йокут ландшафттарындағы елдің (музыканы) есту сезімі» еңбегінде де қарастырылады. Авторлар: «The aim of this article is to delve into the Yokuts process of mapping particularly tripni places or powerful places with/in their territories during the early twentieth century and to what extent the sense of hearing was important in this process»¹¹ (Alarcón-Jiménez, Jiménez Pasalodos, Díaz Andreu, 2021: 379), – дейді. Яғни бұл мақалада ғалымдардың америкалық үндістер тайпасы мекендеген территориядағы жергілікті елдің музыка ерекшеліктерін картаға түсіргенін байқауға болады.

Б. Қарақұловтың жарты ғасыр бұрын көтерген этномузыкатанудың салалас ғылымдармен байланыстары жайлы мәселесі жаңа ғасырда да өз өзектілігін жоғалтпай, өз жалғасын тапқаны басқа елдер мамандары еңбектерінен байқалады. Мысалы, Загреб университетінің профессоры, PhD докторы Церибашич Наиля және оның әріптестерінің «Этномузыкалогия, пәнаралық, пәнішілік және саяси тәуелсіздік туралы ойлар» мақаласында: «more intellectual effort than is being currently exerted should be invested into engaged comparison of one's own fieldwork, analytical processes and research outcomes with cross-cultural ethnomusicological literature and literature in other disciplines of music studies»¹² (Ceribašić, Bendix, Hofman, Pashina, Rice, Stock, 2019), – деп жазды. Яғни Болат Ишанбайұлы отандық этномузыкалогияның тарих, этнография пәндері деректерін қолдану қажеттігі туралы жазса, серб зерттеушілері өз ғылымның пәнаралық байланыстары мәселесін сол ел фольклорлық мұрасын зерттеуге пайдасы тиер салалармен сабақтастықта дамыту қажеттігін жазды.

Б. Қарақұловтың диссертациясындағы зерттеу материалындағы музыка тілінің алуантүрлілігі ғалымды оның себептерін тарих, археология, этнография, тілтану, мәдениеттану салаларының дерекнамасын қолданып зерттеуге жетелегені белгілі. Сондықтан ғалымды сол кезде Кеңес Одағындағы славянтілді елдердегі мамандардың салыстырмалы-тарихи және салыстырмалы-типологиялық бағыттағы зерттеулері қызықтырғаны кездейсоқ емес еді. Ресей, Украина және Белоруссияда орнықты дамып келе жатқан бұл тақырыптық желіні отандық этномузыкатануда жеке сала ретінде маңыздылығын көрсетіп алғаш ашқан Болат Ишанбайұлы болды.

¹¹ «Бұл мақаланың мақсаты – XX ғасыр басындағы йокуттар территориясында олардың *трипни* немесе қасиетті жерлердің және музыкалық есту сезімі белгіленетін картографиялау үдерісіне кірісу» (Alarcón-Jiménez, Jiménez Pasalodos, Díaz Andreu, 2021: 379).

¹² «қазіргі кезбен салыстырғанда болашақта фольклорлық-экспедициялық жұмыс, талдау үдерісі мен зерттеу нәтижелерін мәдениетаралық этномузыкалогиялық және музыкатанудың басқа пәндері бойынша әдебиеттермен салыстыруға көбірек интеллектуалды күш салу қажет» (Ceribašić, Bendix, Hofman, Pashina, Rice, Stock, 2019).

1979 ж. басылып шыққан «Проблемные вопросы музыкальной тюркологии»¹³ атты мақаласында айтылған ұлттық этномузыкатанушылардың алдында тұрған міндеттер 1990-шы жж. бастап біртіндеп зерттеушілер назарына түсе бастады.

4. Зерттеу нәтижесі

Профессор Б. Қарақұловтың XX-XXI ғғ. тоғысында жиі көтерген мәселелерінің бірі – қазақтың дәстүрлі музыкалы-поэзиялық нұсқаларын хаттағанда домбыра бұрауына (стройына) ыңғайландырып түсіру болды. Бұл көкейкесті мәселенің туындауына бірнеше фактор әсер етті. Біріншіден, ғалым кандидаттық диссертациясын нұсқалары тональді жүйеде түскен белгілі музыкалық этнограф А. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» және «Қазақтың 500 әні мен күйі» жинақтары негізінде дайындағанда барлық музыкалық мысалдардың негізгі тоны әртүрлі болғанынан, олардың жергілікті сипатын айғақтайтын дыбыс қатарларының аймақ іші және аймақ аралық ерекшеліктерін салыстыруға көп уақыт жұмсалды. Екіншіден, өткен ғасырдың 80-90-жж. дейін қазақ әндері мен мақам-сарындары тональді жүйеде жазылса, домбыра күйлері нотаға сол аспап бұрауында түсіріліп келді. Аталған қарама-қайшылық ұлтымыздың осы үш негізгі музыкалық жанрының да толыққанды зерттелуіне едәуір кедергілер келтірді. Себебі ғылыми еңбекте белгілі бір құбылысты жүйелі тәсілге салып зерттегенде, оның айналасындағы, оны тудырған орта құбылыстары да ескерілуі тиіс екені аян. Бұл тұжырым «релятивті жүйе» деп аталып, алғаш рет XX ғасыр басында Венгрия этномузыкатануында туындап, кейін бірқатар Еуропа елдері музыкалық этнографиясында орнықты. Аталған елдің белгілі композиторлары Б. Барток пен З. Кодайдің өзінің және көрші отырған елдер әндерін хаттауға арналған релятивті жүйесі олардың ағартушылық, музыкалық-педагогикалық және ғылыми мақсаттарын жүзеге асырудың басты құралы болды. Б. Барток пікірінше, «Народные песни лучше сравнивать, когда они транспонируются к одному заключительному звуку. Поэтому публикуемые мною примеры, за исключением одного-двух, кончаются на ноте «соль» первой октавы» (Барток, 1966: 12). Фольклорлы экспедицияларда жиналған әндердің бәрін «соль» жүйесінде нотаға түсіру аталған музыка қайраткерлеріне Венгрия халық музыкасының әртүрлі тарихи қатпарларындағы нұсқалардың ладтық ерекшеліктерін анықтап түйсінуге көмектесті.

Шетел композитор-ғалымдарының ізімен релятивті нотация жүйесін күйлерді хаттауда алғаш рет қолданған қазақтың көрнекті зерттеушісі, дирижер, композитор және Құрманғазы атындағы Ұлттық халық аспаптар оркестрінің іргетасын қалаушы – А. Жұбановтың әдістемесін жалғастырған Б.Қарақұлов әннің негізгі басқышы ретінде оның қорытынды *g* тонын (дыбысын) алып, қазақ әндерін домбыра (*d-g*) бұрауына тасымалдап түсіре бастады. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Музыка бөлімі дайындаған «Қазақтың музыкалық фольклоры» (1982 ж.) антологиясында Б. Қарақұловтың хаттауымен Ғ. Құрманғалиев орындауындағы «Махамбеттің термесі» жарияланды. Бұл – домбыра сүйемелдеуінде,

¹³ Проблемные вопросы музыкальной тюркологии.

тональді емес жүйеде нотаға түсірілген қазақ музыкалық-поэзиялық нұсқаларының алғашқы мысалы болды. Отанымызда музыкалық фольклорды нотаға түсіру практикасына соңғы 30-40 жыл ішінде енген мұндай тәжірибенің әндер мен жыр мақамдарындағы дыбыс қатары құрылымдарын жүйелеуге үлкен көмегі тиді.

Ғалымның аталған мәселені қоюы әнді хаттаудағы тональді нотацияның дәстүрлі әншілердің музыкалық оқу-ағарту және ән насихаттау үдерістеріне сәйкес келмеуімен де байланысты болды. Өткен ғасырда жарияланған музыкалық-этнографиялық жинақтардағы бірқатар әндердің (Ресей этномузыкатанушылары әлі күнге дейін қолданатын) тональді жүйеде (күрделі тональдіктерде белгіленіп) хатталуы бастауыш музыка-теориялық білімі бар білім алушылардың ол нұсқалармен танысуына қиындық туғызды. Өзінің «Нужна ли реформа казахской письменности»¹⁴ (2002) мақаласында психологтар тәжірибесіне сүйенген Болат Ишанбайұлы: «Еуропа академиялық музыка жүйесін бұрын оқып білмеген жасөспірім оны он төрт жасқа дейін ғана толық қабылдай алады», – деп, әнді релятивті нотаға түсіру жүйесі оқу үдерісінде домбырашылар мен әншілердің өз ұлтының музыкасын тезірек меңгеріп, жадында сақталатындай нәтижелер беретінін жазды.

Қазақтың дәстүрлі музыкалы-поэзиялық нұсқаларын домбыра бұрауына салып хаттау мәселесі ғалымның 1980 ж. жазған «Ладовые функции домбрового сопровождения в казахских народных вокально-инструментальных жанрах»¹⁵ (1980) атты мақаласы тақырыбымен тікелей байланысты. Мұнда автор Қазақстан мен Орта Азия елдерінің ішекті (шертпелі және ысқышты), үрлемелі және ұрмалы аспаптар түрлері біздің жыл санауымызға дейінгі бірінші мыңжылдықта тарағанын, отандық ғылымда музыкалы-поэзиялық жанрларды аспаптық сүйемелдеу мәселесінің әлі көтерілмегенін жазды. Өртүрлі аймақтар мен жанрларды құрайтын домбырамен қосылып шырқалған 50-ге жуық нұсқаны нотаға түсіру тәжірибесінің нәтижесінде ғалым сол кезге дейін бірдауысты фактурадағы қазақ ән мысалдарына негізделгенін, отандық этномузыкатанушылық зерттеулерде әндердің ладтық-интонациялық жүйесі туралы тұжырымдар дұрыс шығарылмаған деген пікір білдіріп, өз ойын домбыра желісінің атқаратын міндеттері туралы айтып пысықтайды.

Б. Қарақұловтың бұл мақаласында көтерген домбыра сүйемелдеуіндегі музыкалық ерекшеліктерді зерттеу идеялары кейін этномузыкатанушы Д. Амированың «К проблеме инструментальных предпосылок казахского народно-профессионального песенного мелоса» (1992) мақаласындағы Арқа кәсіби лирикалық әндерін қарастыруға және әнші-ғалым А. Күзеубайдың «Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселелері (Арқа өңірі бойынша)» (2016) PhD диссертациясында жалғасады, ал домбыра сүйемелдеуіндегі көпдауыстылық мәселесі аталған құбылысты бастыс қазақстандық күйлері материалында қарастырған шәкірті К. Клопованың 2002 жылы қорғалған «Некоторые особенности звукорядов домбровых кюев (на примере традиций Жетысу и Мангыстау)» кандидаттық диссертациясында дамытылды.

¹⁴ «Қазақ жазуына жаңашылдық енгізу қажет пе?».

¹⁵ «Қазақ халық вокалды-аспаптық жанрларындағы домбыра сүйемелдеуінің ладтық функциялары».

Б. Қарақұлов бірізді насихаттаған қазақ халқының музыкалық-поэзиялық нұсқаларын домбыра бұрауында хаттау мәселесі өткен және үстіміздегі ғасырлар тоғысында шешіліп, жырларымыздың аспаптық сүйемелдеумен, ал кәсіби әндеріміздің домбыра бұрауында нотаға түсірілуі дәстүрлі музыкалы-поэзиялық нұсқалардың ладтық-дыбыс қатарлық жүйесінің барынша толық және тереңірек зерттелуіне мол мүмкіндіктер ашты.

Музыкадағы *ырғақ жүйесі*нің маңыздылығы шетелдік және отандық этномузыкатанушылар зерттемелерінің көкейкесті мәселесіне айналғаны белгілі. Олардың ішінде соңғы еңбектер ішіндегі кейбір мақалаларға назар аударғанда зерттеуші Т.Х. Йорк Троттер «Ұлттық музыкадағы ырғақ» кітабында: «Rhythm is the very essence of the art, and it is to the folk-music that we are indebted for rhythm and all that results from it. Without this element we could never have arrived at our modern form so obviously founded on balance and proportion»¹⁶ (Trotter, 2020), – десе, Лаич-Михайлович Данка: «This study concerns the relationship between verbal and musical components of Serbian epic songs with rhythm seen as a morphological dominant»¹⁷ (Danka, 2013), – деп эпикалық шығармадағы ырғақтың басты рөлін көрсетеді.

Музыкалық теория ішіндегі бұл үлкен саланың зерттеу жолы Б. Қарақұловтың 1992 ж. жарияланған қазақтың дәстүрлі музыкалық-поэзиялық нұсқаларындағы ырғақ жүйесін талдау әдістемесінде көрсетілді. «Симметричный подход к ритмической структуре одноголосной песни» (1992) мақаласындағы симметрологияға байланысты тұжырымдар автордың фундаменталды ілімінің бір бөлігі болғандығынан, ол мәселе арнайы тоқтап қарастыратын жеке еңбектің тақырыбы болып табылады. Б.Қарақұловтың этномузыкатанушылық еңбектерін қарастыруға арналған мақаламызда оның ырғақ жүйесін талдаудағы әдістемесінің жаңашыл сипаты отандық ғылымда бұрынырақ тарап, кең қолданылып келе жатқан белгілі ғалым Ә. Байғаскинаның қазақ әндерінің ырғақ теориясымен қатар қойып сипаттағанда айқындалады.

Қазақ әндеріндегі ырғақтық жүйені талдауда екі әдістеме де көрнект өлеңтанушы ғалым З. Ахметов тұжырымдарына сүйенгенімен, олардың өзара ерекшеліктері бар. Б. Қарақұлов тұжырымдамасы бойынша, бір дауысты әннің ырғағы бір-бірімен өзара сабақтасқан 2 түрлі ырғақ тізбегінен құралады. Оның алғашқысы – өлең буында-рының ырғақтық тізбегі. Бұл тізбек ғалым Ә.Байғаскинаның «Ритмика казахской традиционной песни» (1991) кітабы тұжырымындағы «буындық ырғақ» түсінігіне сәйкес болса, екінші ырғақ – дыбыс биіктігінің өзгеру ырғағы. Ол – музыкатануда белгілі «музыкалық» немесе «әуендік» ырғақ мағынасынан бөлек жүйе, сол себепті Б.Қарақұлов әдістемесі жалпы музыкатану және этномузыкатануда белгілі

¹⁶ «Ырғақ – өнердің негізі. Ырғақ және одан туындағандардың бәрі үшін біз халық музыкасына қарыздармыз. Бұл элементсіз біз ешқашан баланс пен пропорцияға негізделген қазіргі заман формасына келмес едік» (Trotter, 2020).

¹⁷ «Эпостағы сөз бен музыка: синкретизмнен ән поэзиясына» еңбегінде: «Бұл зерттеме сербтердің эпикалық шығармаларының сөз және музыка байланыстарын зерттеуге арналған. Жырлардағы ырғақ-морфологиялық доминанта болып табылады» (Danka, 2013).

теорияларынан ерекшеленетін көзқарас болып табылады. Ғалым ұсынған ырғақ теориясы қазіргі отандық этномузыкатануда қолданылып жүрген Ө. Байғаскина, І. Қожабеков және Г. Кузбакова теорияларымен салыстырғанда әуендік және поэзиялық ырғақ тізбектерінің өзара қатынасын егжей-тегжейлі анықтауға бағытталған. Өнді талдағанда ондағы ырғақ жүйесін құрап, бір-бірімен сабақтасып тұрған қос ырғақ тізбегінің сызбасын келтіргенде олардың өзара қатынасы үш түрлі болуы мүмкін:

1-ші түрі – екі ырғақ тізбегінің бірдей болуы (синхрондық арақатынас);

2-ші түрі – ірі өлшемдегі буындық ырғақтың өзінен кіші өлшемді дыбыс биіктігі ырғағымен сабақтасуы, яғни поэзиялық буындардың бірнеше дыбысқа созылып айтылуы;

3-ші түрі, керісінше, ірі өлшемді дыбыс биіктігі ырғағының өзінен өлшемі кіші буындық ырғақпен сабақтасуы, яғни речитация» (Бердібай, 2014: 8-9).

Жоғарыда көрсетілген ырғақтық тізбектердің өзара қатынас түрлері, өз кезегінде, қазақ әндерінің аймақтық сипатын ашуға үлкен септігін тигізеді. Мысалы, ұсынылып отырған мақала авторының «Батыс Қазақстан әндерінің ырғақтық жүйесі» (1998) атты мақаласында осы әдістеме көмегімен аталған өлке ән нұсқаларында басқа өңірлер әндерінің ырғағында бұрын байқалмаған ерекшеліктер анықталды. Қазақтың ән фольклоры материалында музыка диалектілерін зерттеуде ырғақтық жүйе маңыздылығының дәрежесін болашақта жасалатын көптеген ән мысалдары талдауларының қорытындылары ашпақ.

Ғалым Б.Қарақұловтың ұлттық этномузыкатануымызға әкелген үлкен жаңалығы қазақтың дәстүрлі музыка мәдениетіндегі үш негізгі жанрдың ең көлемдісі – *музыкалық эпосты талдау* әдістемесін дайындауы. Аталған тақырыптың негізгі тұжырымдары оның «Музыкальный квадрат казахской тирады»¹⁸ (1987) және «О музыкальной форме казахской тирады»¹⁹ (1997) мақалаларында жарияланды. Зерттеуші-ұстаздың өмірден озуына байланысты, консерватория білім алушыларына арналған білім бағдарламасы ретінде қолданып үлгермеген «Анализ крупных форм казахского музыкального-фольклора»²⁰ пәніндегі жыр мақамдарын талдау әдістемесі ғалымның аталған жанр нұсқаларын жинап, өзі және аспиранттары нотаға түсіріп, зерттеу тәжірибесінен туындаған. Атап өтетін нәрсе, музыкалық-речитациялық жанрларды ХХ ғасырдың екінші жартысында Б. Ерзакович, З. Жанұзакова, Ө. Байғаскина, А. Құнанбаевалар зерттеп, ол қатардағы нұсқаларды хаттауға Т. Бекхожина қомақты үлесін қосқаны белгілі.

Үстіміздегі ғасырдың басынан бастап Сыр бойының Арал және Қармақшы, Маңғыстау, Жетісу музыкалық-речитациялық дәстүрлері нұсқалары жарқынды түрде жариялана бастағаны аян. Оларды Т. Тоқжанов, Е. Мұстафаев, А. Жаңбыршы, А. Әбдуәлиев, М. Әбуғазы, т.б. домбыра сүйемелдеуімен хаттап жарияласа, ноталық

¹⁸ «Қазақ тирадасының музыкалық шаршысы».

¹⁹ «Қазақ тирадасының музыкалық құрылымы туралы».

²⁰ «Қазақтың ірі құрылымды музыкалық-поэзиялық фольклор үлгілерін талдау».

транскрипция жасаған Болат Ишанбайұлы шәкірттері Б. Оспанов, А. Елшібаева және Ж. Кожахметова диссертацияларын дайындап, «“Дад” дастаны» (2002), «Қазақтың жыр мақамдары» (2011), «Музыка казахского айтыса» (2011) монографияларын жариялады.

Бұл үдеріс мамандардың қазақтың мақам-сарындарын тереңірек және жан-жақты зерттеуіне жол ашты. Қазақ эпикалық мақамдарын зерттеу тәжірибесін ғалым 1980-1990 жж. мақалалары арқылы насихаттаса, кейін шәкірттерінің алған тақырыптарына ғылыми жетекшілік жасаған кезде жаңа материалдардан анықталған тың ерекшеліктер қалыптасқан әдістеменің мазмұнын байытып, ол әрбір диссертация сайын кемелдене берді. Зерттеуші байқаған мақам формаларына жаңа композициялар қосылып, олардың музыкалық-тақырыптық дыбыс қатарлары, ырғақтық келбеті мен домбыра сүйемелдеу ерекшеліктері егжей-тегжейлі қарастырылатын болды.

5. Қорытынды

Б.И. Қарақұлов отандық этномузикатану ғылымына орасан көп еңбек сіңірген ғалым. Бұл саладағы ізденушілік жолын жарты ғасырдай бұрын бастаған белгілі зерттеуші артына қазақтың дәстүрлі музыкасына арналған музыкалық-этнографиялық, музыкалық-тарихи және музыкалық-теориялық еңбектерін қалдырып кетті. Олардың әрқайсысы жаңашылдығымен ерекшеленді. Мысалы, «Асыл мұра» жинағындағы нұсқалар Батыс Қазақстан облысының 1970-ші жылдардағы дәстүрлі күй өнері дамуының жай-күйін көрсетсе, «Қазақтың музыкалық фольклоры» кітабында жарияланған музыкалық-речитациялық мысалдар отандық тәжірибеде алғаш рет музыкалық аспаптар (қобыз, домбыра) сүйемелдеуінде хатталды. Шығыс Еуропа, Түркия, араб елдері әндерін хаттаған Б. Барток және күйлеріміздің ноталық транскрипциясын жасаған академик А. Жұбанов ізімен Б. Қарақұлов қазақ әндері мен жырларын релятивті (домбыра бұрауындағы) жүйеге сүйеніп түсіріп, олардың жан-жақты музыкалық-теориялық зерттелуіне жол ашты.

Алыс-жақын шетелдік ғалымдардың музыкалық-теориялық және музыкалық-тарихи еңбектеріндегі басты тұжырымдармен таныс ғалым ішіндегі ілгерішілдерін алып, оларды отандық этномузикатану ғылымымызда дамыту мәселелерін қойғанымен қатар, бірқатарын (қазақтың музыкалық-поэзиялық жанрларының құрылымы, ладтық, ырғақтық ерекшеліктері, жырлардағы вокалды және аспапты желілердің өзара қатынасы, т.б.) зерттеді. Музыка және этногенез мәселесінің өзектілігін дәлелдеу арқылы кейін дами бастаған музыкалық түркология саласын ашуға күш-жігерін салды. Ұсынылып отырған мақала көрнекті ғалымның еңбектерінің отандық этномузикатануымыздағы жалпы сипатын көрсетуге арналған. Ал жоғарыда аталған бұл ғылым салаларына Б.И. Қарақұловтың қосқан үлесін тереңірек қарастыру келешекте жазылатын еңбектерде жүзеге аспақ.

Әдебиеттер:

1. Ана Мария Аларкон-Хименес, Ракель Хименес Пасалодос және Маргарита Диас Андреу (2021). Картографиялау: XX ғасырдың басындағы Йокутс ландшафтарындағы билік дыбыстары // *Ethnomusicology Forum*. ISSN 1741-1912. 30(51). – №3. – 379–396-бб. <https://doi.org/10.1080/17411912.2021.1953392>.
2. Бәбіжан Б.Ж., Бердібай А.Р., Байсақалова А.Б., Чукманов Е.Т., Үлкенбаева А.Н. (2021). Оңтүстік-Батыс Жетісу қазақтарының заманауи ән фольклоры: музыкалық және аймақтық зерттеу тәжірибесі // *International Journal Criminology and Sociology*. – Т.10. – 120–132-бб. <https://doi.org/10.6000/1929-4409.2021.10.16>
3. Барток Б. Венгрия мен көрші халықтардың музыкасы. – Мәскеу: Музыка, 1966. – 79 б.
4. Бердібай А. Көпқырлы дарын // Бердібай А. Қазақтың дәстүрлі әндерін зерттеу мәселелері. – Алматы, 2014. – 65–79-бб.
5. Ван Краненбург П., Волк А., Виринг Ф. (2012). Халық әндерінің әуендерін есептеуіш тұрғыда жіктеудегі жаһандық және жергілікті белгілерді салыстыру // *Journal of New Music Research*. – 42(1). – 1–18-бб. <https://doi.org/10.1080/09298215.2012.718790>
6. Земцовский И. Этномузыкалогия: жүз жылдық жол // Халық музыкасы: тарих және типология. (Профессор Евгений Гиппиуска (1903–1985) арналған еңбектер жинағы). – Ленинград, 1989. – 7–17-бб.
7. Йорк Троттер Т.Х. (2020). Ұлттық музыкадағы ырғақ // *Proceedings of the Musical Association*. – Т.31, 1904. – 17–41-бб. DOI: <https://doi.org/10.1093/jrma/31.1.17>
8. Каракулов Б. Қазақ музыкалық фольклоры және этногенез // Қазақ КСР Ғылым академиясының хабаршысы. – 1974. – №3. – 36–41-бб.
9. Каракулов Б. Қазақ ән әуендерінің ладтық ұйымдасуының жергілікті ерекшеліктері: автореф. ... к. өнертану ғыл. канд. – Алматы, 1973. – 20 б.
10. Каракулов Б.И. Музыкалық түркітанудың өзекті мәселелері // Қазақ КСР Ғылым академиясының хабаршысы. – 1979. – №9. – 28–31-бб.
11. Лайич-Михайлович Д. (2013). Эпикалық әннің сөзі мен музыкасы: синкретизмнен жыр поэзиясына дейін // *Muzikologija*. – №15. – 9–28-бб. <https://doi.org/10.2298/MUZ1315009L>
12. Нельсон Д.Т. (2012). Бела Барток: этномузыкалогияның атасы // *Musical Offerings*. – Т.3, №2. – DOI: 10.15385/jmo.2012.3.2.2. [<https://digitalcommons.cedarville.edu/musicalofferings/vol3/iss2/2/>] (<https://digitalcommons.cedarville.edu/musicalofferings/vol3/iss2/2/>)
13. Черибашич Н., Бендикс Р.Ф., Хофман А., Пашина О., Райс Т., Сток Джонатан П.Дж. (2019). Этномузыкалогия, пәнаралық және деколониялық тәсілдер туралы ой-толғамдар // *Etnološka tribina: Godišnjak Hrvatskog etnološkog društva*. – Т.49, №42. – 3–79-бб. <https://doi.org/10.15378/1848-9540.2019.42.01>
14. Юхас З. (2024). Ежелгі бастаулардың ізі: еуразиялық және америкалық халық музыка мәдениеттеріндегі ортақ әуен түрлерін талдау (PCA әдісімен) // *Music & Science*, 7. <https://orcid.org/0000-0002-0200-7033>

References:

1. Ana María Alarcón-Jiménez, Raquel Jiménez Pasalodos & Margarita Díaz Andreu (2021). Mapping with/in: hearing power in Yokuts landscapes at the beginning of the twentieth century // *Ethnomusicology Forum*. ISSN 1741-1912. 30(51). – Issue 3. – P.379-396. <https://doi.org/10.1080/17411912.2021.1953392> (in Eng.).
2. Babizhan B.Zh., Berdibay A.R., Baisakalova A.B., Chukmanov Y.T., Ulkenbaeva A.N. (2021). Contemporary song folklore of the kazakhs of the South-West Zhetysu: The experience of musical and regional research // *International Journal Criminology and Sociology*. – Vol.10. – P.120-132. <https://doi.org/10.6000/1929-4409.2021.10.16> (in Eng.).
3. Bartók B. (1966). The Music of Hungary and Neighboring Peoples. – Moscow: Muzyka. – 79 p. (In Russ.).

4. Berdibai A. (2014). Multifaceted talent // Berdibai A. Issues in the Study of Traditional Kazakh Songs. – Almaty. – P.65-79. (In Kaz.)
5. Ceribašić N., Bendix R.F., Hofman A., Pashina O., Rice T., Stock Jonathan P.J. (2019). Musings on Ethnomusicology, Interdisciplinarity, Intradisciplinarity and Decoloniality // *Etnološka tribina: Godišnjak Hrvatskog etnološkog društva*. – Vol. 49, No. 42. – P.3-79. <https://doi.org/10.15378/1848-9540.2019.42.01> (in Eng.).
6. Juhász Z. (2024). Revealing Footprints of Ancient Sources in Recent Eurasian and American Folk Music Cultures Using PCA of the Culture-Dependent Moment Vectors of Shared Melody Types // *Music & Science*, 7. <https://orcid.org/0000-0002-0200-7033> (Original work published 2024). (in Eng.).
7. Karakulov B. (1974). Kazakh Musical Folklore and Ethnogenesis // *Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR*. – No.3. – P.36-41. (In Russ.).
8. Karakulov B. (1973). Local Features of the Modal Organization of Kazakh Vocal Melos: Author's Abstract of Candidate of Arts Dissertation. – Alma-Ata. – 20 p. (In Russ.).
9. Karakulov B.I. (1979). Problematic Issues of Musical Turkology // *Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR*. – No. 9. – P. 28-31. (In Russ.).
10. Lajić-Mihajlović Danka (2013). The word and music of epic song: From syncretism to sung poetry // *Muzikologija*. – Issue 15. – P.9-28. <https://doi.org/10.2298/MUZ1315009L> (in Eng.).
11. Nelson D.T. (2012). Béla Bartók: The Father of Ethnomusicology // *Musical Offerings*. – Vol. 3: No. 2, Article 2. DOI: 10.15385/jmo.2012.3.2.2. <https://digitalcommons.cedarville.edu/musicalofferings/vol3/iss2/2> (In Eng.)
12. Van Kranenburg P., Volk A., Wiering F. (2012). A Comparison between Global and Local Features for Computational Classification of Folk Song Melodies // *Journal of New Music Research*. – 42(1), P.1-18. <https://doi.org/10.1080/09298215.2012.718790> (in Eng.).
13. Yorke Trotter T.H. (2020). Rhythm in National Music // *Proceedings of the Musical Association*. – Volume 31, 1904. – P.17-41. DOI: <https://doi.org/10.1093/jrma/31.1.17> (in Eng.).
14. Zemtsovsky I. (1989). Ethnomusicology: A Century of Development // *Folk Music: History and Typology*. (In memory of Professor Evgeny Gippius (1903-1985). Collection of works. – Leningrad, 1989. – P.7-17. (In Russ.).